

БЕКІТЕМІН

«№1 Заречный жалпы білім
беретін мектебі» КММ
басшысы

Алдамбергенова К.Т.

2025 ж.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕПТІК ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Жалпы ережелер

Оқушылардың ғылыми қоғамы (бұдан әрі – ОҒҚ) – оқушылардың ғылыми-зерттеу, шығармашылық және танымдық қызметін дамыту мақсатында құрылған ерікті бірлестік.

ОҒҚ өз қызметін:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына;
- мектеп Жарғысына;
- осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

-ОҒҚ мектеп директорының бұйрығымен құрылады және оның қызметі мектеп әкімшілігінің бақылауында болады.

Ғылыми қоғам қызметі:

- оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға;
- зерттеушілік мәдениетін дамытуға;
- шығармашылық ізденісін жетілдіруге;
- интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталады.

ОҒҚ жұмысы еріктілік, жариялылық, ынтымақтастық, ғылыми ізденіс және шығармашылық қағидаттарына негізделеді.

ОҒҚ қызметінің негізгі бағыты – оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және олардың ғылыми әлеуетін дамыту.

1.2. ОҒҚ мақсаты мен міндеттері

Мақсаты

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру, ғылыми шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарынды және талантты оқушыларды анықтау мен қолдау.

Міндеттері

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми жобалар дайындауға бағыт беру;
- оқушыларды ғылыми-практикалық конференцияларға, олимпиадаларға және байқауларға қатыстыру;
- зерттеу мәдениеті мен ғылыми этиканы қалыптастыру;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ғылыми жұмыста қолдануға үйрету;
- ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- ғылыми жұмыстарды рәсімдеу және қорғау мәдениетін қалыптастыру;
- дарынды оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануға бағыттау.

1.3. ОҒҚ қызметінің негізгі бағыттары

ОҒҚ келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- жаратылыстану ғылымдары;
- техникалық және инженерлік бағыт;
- математика және информатика;
- гуманитарлық ғылымдар;
- тіл білімі мен әдебиет;
- тарих және өлкетану;
- экология және биология;
- әлеуметтік зерттеулер;
- өнер және шығармашылық жобалар.

1.4. ОҒҚ мүшелері

ОҒҚ мүшелігіне 5–11 сынып оқушылары ерікті түрде қабылданады.

- ОҒҚ мүшелігіне қабылдау;
- оқушының жеке өтініші;
- ғылыми жетекшінің ұсынысы негізінде жүзеге асырылады.

Қоғам мүшелері:

- ғылыми жобаларға қатысуға;
- ғылыми жетекшіден кеңес алуға;
- конференциялар мен семинарларға қатысуға;
- өз жұмыстарын қорғауға;
- ғылыми қоғам өткізетін іс-шараларға қатысуға құқылы.

Қоғам мүшелері:

- осы Ережені сақтауға;
- жоспарланған жұмыстарға белсенді қатысуға;
- ғылыми жұмыстарды уақытылы орындауға;
- ғылыми этика талаптарын сақтауға;
- плагиатқа жол бермеуге міндетті.

Қоғам мүшесі:

- өз еркімен;
- Ережені өрескел бұзған жағдайда ОҒҚ құрамынан шығарылуы мүмкін.

1.5. ОҒҚ басқару құрылымы

ОҒҚ құрылымына мыналар кіреді:

- ғылыми жетекші;
- ОҒҚ төрағасы;
- ОҒҚ төрағасының орынбасары;
- Секция жетекшілері
- хатшы;
- қоғам мүшелері.

Ғылыми жетекшінің міндеттері

- ОҒҚ қызметін үйлестіру;
- жұмыс жоспарын бекіту;
- ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасау;
- конференциялар ұйымдастыру;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын бақылау.

ОҒҚ төрағасының міндеттері

- қоғам жұмысын ұйымдастыру;
- жиналыстар өткізу;
- мүшелердің белсенділігін арттыру;
- секциялар жұмысын үйлестіру.

ОҒҚ төрағасы орынбасарының міндеттері

- ОҒҚ төрағасына қоғам жұмысын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- ғылыми қоғам мүшелерінің белсенділігін арттыруға ықпал ету;
- секциялар мен бағыттардың жұмысын үйлестіру;
- іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- ғылыми жобалар мен конференцияларға дайындық жұмыстарын бақылау;
- төраға болмаған жағдайда оның міндетін атқару;
- қоғам мүшелері арасындағы байланыс пен командалық жұмысты нығайту;
- волонтерлік және әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуына қолдау көрсету.

Хатшының міндеттері

- жиналыс хаттамаларын жүргізу;
- құжаттарды рәсімдеу;
- есеп жұмыстарын жүргізу.

Секция жетекшілерінің міндеттері

- өз бағыты бойынша ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру;
- оқушыларға әдістемелік көмек көрсету;
- зерттеу жұмыстарының сапасын бақылау.

1.6. ОҒҚ жұмыс түрлері

ОҒҚ келесі жұмыс түрлерін ұйымдастырады:

- ғылыми жобалар;
- зерттеу жұмыстары;
- пәндік апталықтар;
- ғылыми семинарлар;
- тренингтер;
- дебаттар;
- дөңгелек үстелдер;
- ғылыми-практикалық конференциялар;
- олимпиадалар;
- байқаулар;
- көрмелер;
- шеберлік сабақтары;
- тәжірибелік жұмыстар;
- инновациялық жобалар.

1.7. ОҒҚ құжаттамалары

ОҒҚ келесі құжаттарды жүргізеді:

ОҒҚ ережесі;

- жылдық жұмыс жоспары;
- жиналыс хаттамалары;
- ғылыми жоба тақырыптарының тізімі;
- қоғам мүшелерінің тізімі;
- ғылыми жұмыстардың есебі;
- конференция материалдары;
- марапаттау құжаттары.

1.8. ОҒҚ жұмысын ұйымдастыру тәртібі

- ОҒҚ отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.
- Жылдық жоспар оқу жылының басында бекітіледі.
- Ғылыми жұмыстар ғылыми жетекшілердің бақылауымен жүргізіледі.
- Әр оқу жылының соңында ОҒҚ қызметі бойынша қорытынды есеп жасалады.

1.9. ОҒҚ мүшелерін марапаттау

- Белсенді қоғам мүшелері:
- дипломдармен;
- мақтау қағаздарымен;
- сертификаттармен;
- алғыс хаттармен марапатталады.
- Үздік ғылыми жұмыстар мектепішілік, аудандық, облыстық және республикалық кезеңдерге ұсынылады.

1.10. Қаржыландыру және материалдық база

- ОҒҚ жұмысына мектептің материалдық-техникалық базасы пайдаланылады.
- Қажет болған жағдайда демеушілік және қосымша қолдау көздері тартылуы мүмкін.

1.11. Қорытынды ережелер

Осы Ереже мектеп директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар мектеп әкімшілігінің шешімімен енгізіледі.

Осы Ережеде қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

ОҒҚ қызметі оқу жылының соңында талданып, қорытындыланады.